



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2019 жылғы 1-тоқсандағы

Тамыз 2019

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындағы. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым ақпан, мамыр, тамыз және қараша айларында шығады. Уш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарастыру жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкесіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2019 жылғы 30 маусым. 2016-2018 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2019 жылғы 31 наурыз.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-40 (төлем балансы)

(727) 270-49-38 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық пошта: omi@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы	5
Төлем балансына қосымшалар:	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсныым.....	13
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша.....	14
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандарттық ұсныым, негізгі баптар.....	15
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсныым	16
5. Қазақстан Республикасының төлем балансының абсолютті және салыстырмалы өлшемдері.....	24
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	26
I.2. Халықаралық қызметтер балансы.....	29
I.3. 2018 жылғы және 2019 жылғы 1-тоқсандағы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы	31
I.4. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың тауарлық құрылымы	32
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспортты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау.....	33
I.6. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы.. ..	34
I.7. 2018-2019 жж. 1-тоқсаны бойынша кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	35
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы.....	36
I.9. Қазақстан Республикасының 2018-2019жж. 1 тоқсандағы елдер бөлігіндегі қызмет түрлері бойынша қызметтермен сыртқы саудасы	37
I.10. Бастапқы кірістер балансы	61
I.11. Қайталама кірістер балансы	62
I.12. 2018-2019 жылдардағы 1-тоқсандағы жеке трансфертер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	63
I.13. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұснуу)	64
I.14. Қысқа мерзімді капитал ағындары	65
I.15. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	66
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 сәуірдеңі жағдай бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	67
Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсныым	72
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	77
3. 2019 жылғы 1 сәуірдеңі жағдай бойынша Қазақстанның банктердің резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	79
4. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	80
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	82
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызмет түрлері бойынша және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	86
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең соңындағы позиция.....	89
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	90
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер.....	92

II.4. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны.....	93
II.5. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	95
II.6. Қазақстанның тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	97
II.7. Қазақстанның тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	99
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 сәуірдегі сыртқы борышы	100
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	105
2. Сыртқы борыш: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер	107
3. 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша телемдердің кестесі.....	108
4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша	109
5. Сыртқы борыштың жағдайы: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	111
6. Сыртқы борыштың жағдайы: шетел валютасындағы сыртқы борыш	112
7. Сыртқы борыштың жағдайы: Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	113
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	114
9. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борыш.....	117
10. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	119
11. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борыш.....	120
12. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш	121
13. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келісу	122
14. 2019ж. I тоқсандағы жасалған шарттар бойынша заем қаражаттарын болжалды тартудың сомасы.....	123

III қосымша. Статистикалық әдіснама

III.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	133
III.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	139
III.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	145
III.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамаға көшүі туралы	149
III.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	151

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2019 жылғы 1-тоқсандағы ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және бейрэзиденттер) жыныстық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.


Ағымдағы операциялар шоты

2019 жылғы 1-тоқсан үшін **ағымдағы операциялар шоты** 2018 жылғы 1-тоқсандағы 0,9 млрд АҚШ доллары (бұдан әрі – долл.) болған дефицитпен салыстырғанда 0,4 млрд АҚШ доллары профицитпен қалыптасты. Ағымдағы операциялар шотының жақсаруы тікелей инвестициялардан ақы төлеу кірістерінің 2018 жылғы 1-тоқсандағы 5,8 млрд АҚШ долларынан 2019 жылғы 1-тоқсандағы 5,1 млрд АҚШ долларына дейін төмендеуіне байланысты бастапқы кірістер балансы дефицитінің қысқаруы есебінен, сондай-ақ сауда балансы профицитінің үлғауы есебінен орын алды (1-диаграмма).

2019 жылғы 1-тоқсанда brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 63,3 долл. болып, өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 5,5%-ға төмендеді (2018 жылғы 1-тоқсанда орташа алғанда 67,0 АҚШ доллары). Төлем балансын жіктеу бойынша тауарлар экспортты 2018 жылғы 1-тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 2,2%-ға үлғайып, 13,9 млрд долл. болды. Сауда балансының профициті 2019 жылғы 1-тоқсанда 2018 жылғы 1-тоқсандағы деңгейдегі 8,5%-ға үлғайды және 6,7 млрд. долл. болды.

Тауарлардың ресми экспортты 13,3 млрд. долл. болды, бұл 2018 жылғы 1-тоқсандағы көрсеткіштен 4,3%-ға аз. Мұнай және газ конденсатының құны (ресми экспорттың жалпы құнынан 55,9%) 2018 жылғы 1-тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда келісімшарт бағасының қысқаруы есебінен, сол сияқты нақты

1-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізгі құрауыштары (млрд. АҚШ долл.)



жеткізулер көлемінің азаюы есебінен 9,7%-ға төмендеді. Тұсті металдар экспортты келісімшарт бағасы төмендеген кезде нақты жеткізулер көлемінің үлғауы есебінен 1,8%-ға өсті. Тұсті металдар экспортты құнының 25,4%-ға қысқаруы келісімшарт бағасының төмендеуіне, сол сияқты нақты жеткізу көлемінің азаюына себепші болды. Астық экспортты 25,8%-ға өсті.

Тауарлардың ресми импортты 7,0 млрд. долл. болып, 3,6%-ға төмендеді. Импорттың төмендеуі тұтыну тауарлары импорттың қоспағанда, негізгі тауарлық номенклатураның барлық топтары бойынша болды. Инвестициялық тауарлар бойынша импорт құнының ең көп азаюы (ресми импорттан 34,7% немесе 2,4 млрд. долл.) 6,4% немесе 166 млн. долл. болды. Аralық тұтыну тауарлары 5,8%-ға немесе 154 млн. долларға қысқарды. Тұтынушылық тауарлар импортты 3,4%-ға немесе 62 млн. долларға үлғайды. Бұл

ретте азық-түлік тауарларын әкелу 7,3%-ға немесе 54 млн. долларға төмендеді, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 10,6%-ға немесе 117 млн. долларға есті.

Ресейден және Қытайдан (Қазақстанның негізгі сауда әріптері) импорт 2018 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда тиісінше 0,4%-ға және 8,5%-ға төмендеді. Ресейдің жалпы импорттағы үлесі 39,6%-дан 40,9%-ға дейін өседі, ал Қытайдың үлесі 15,7%-дан 14,9%-ға дейін төмендеді.

Халықаралық қызметтер балансының дефициті 2018 жылғы 1-тоқсандағы деңгейде сақталып, 0,9 млрд доллар болды. Бұл ретте көрсетілетін қызметтер экспортты 3,7%-ға, ал импорт 2,3%-ға үлғайды. Халықаралық қызметтердің сыртқы сауда айналымы 4,2 млрд. долларға дейін 2,8%-ға үлғайды.

Қызмет көрсету экспортты 58,2 млн. долларға үлғайып, 1,6 млрд. долл. болды. Қызмет көрсету экспорттының өсімі отандық авиатасымалдаушылардың кірістерінің 1,8 есе немесе 40,7 млн. долл. үлғаюымен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, резиденттердің бейрезиденттерге көрсеткен құрылыш жұмыстарынан түскен кірістер 11,6 млн. АҚШ долларына дейін өсті. Отандық көлік компанияларының республиканың аумағы арқылы мұнай және газ құбыр транзиті бойынша қызмет көрсету экспорттындағы ең көп үлесті (31,6%) құрайтын бейрезиденттерге көрсететін қызметі 5,1%-ға немесе 28,1 млн. долларға төмендеді және 519,4 млн. долл. болды. Бейрезиденттердің Қазақстанға іссапарының шығыстары (қызмет көрсету экспорттынан 25,9%) 5,9%-ға немесе 26,7 млн. долларға қысқарды.

Халықаралық қызметтер импорты 57,8 млн. долларға үлғайып, 2,6 млрд. долл. болды. Халықаралық қызметтер импорттының құрылымында басқа да іскерлік қызметтерге шығыстар 4,8%-ға немесе 53,5 млн. долларға өсті, ол қызметтер импортты жалпы көлемінің 45,7%-ын құрады және негізінен бейрезиденттердің республика аумағындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуына

байланысты. Сонымен қатар, құрылыш қызметін көрсету импорттының 12,7 млн. долларға өсіу байқалды, бұл негізінен бейрезиденттердің республика аумағындағы теміржол және автомагистралдарының аяқталмаған участкелері құрылышының жалғасуына байланысты.

Бейрезиденттердің **көлік қызметтері** бойынша кірістері негізінен шетелдік авиатасымалдаушылардың жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтерінен түскен түсімдер есебінен қалыптастырылды, олар есепті тоқсанда 2018 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,6 есе немесе 12,3 млн. долларға үлғайып, 32,7 млн. долл. болып қалыптасты. Қазақстандықтардың шетелге сапарларының шығыстары 0,4%-ға немесе 2,3 млн. долларға төмендеді.

Бастапқы кірістер балансының тапшылышы басым түрде шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің қысқаруы есебінен 2018 жылғы 1-тоқсанға қатысты 10,4%-ға төмендеп, 5,6 млрд долларды (2017 жылы 18,1 млрд доллар) құрады, оның жартысынан көбін олар Қазақстандағы өзінің еншілес кәсіпорындарын қаржыландыруға бағыттады. Елдің реңми резервтерінен түскен кірістердің басым бөлігінен (Ұлттық қордың резервтік активтерінен және шетелдік активтерінен) қалыптастырылатын инвестициялық салындардан резиденттердің кірістері 15,2%-ға қысқарып, 0,5 млрд долларды құрады.

Бейрезиденттерге инвестиациялық кірістер төлеу 11,6%-ға төмендеді және 5,7 млрд. доллар болды. Бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан түскен кірістері 2018 жылғы 1-тоқсандағы 5,8 млрд. доллардан 2019 жылғы 1-тоқсандағы 5,1 млрд. долларға дейін қысқарды. Олардың 75,6%-ы бөлінген кірістер мен дивидендтер түріндегі немесе шетелдік тікелей инвесторлардың қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайdasына (немесе зиянға) үлесі (реинвестициялар деп аталатын) түріндегі капиталға қатысу кірістерін құрайды.

1- кесте

Қаржы шотының балансы (резервтік активтердің қоспағанда)

"+ – активтердің міндеттемелердің үлғауы; "- – активтердің міндеттемелердің төмендеуі"

млн АҚШ доллары

	1 -тоқсан 2017	1 -тоқсан 2018	1 -тоқсан 2019
Қаржы шоты	-1599,5	1000,8	3699,7
Қаржы активтерін таза сатып алу	860,3	65,2	4444,1
Тікелей инвестициялар	458,7	-2505,9	-687,0
Портфельдік инвестициялар	1378,3	124,8	2631,4
Тұынды қаржы құралдары	-41,3	57,9	-22,8
Басқа инвестиациялар	-935,4	2388,5	2522,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	2459,8	-935,5	744,3
Тікелей инвестициялар	2481,0	1040,4	2032,9
Портфельдік инвестициялар	149,0	-1517,8	-651,5
Тұынды қаржы құралдары	-125,3	57,4	15,7
Басқа инвестиациялар	-44,9	-515,5	-652,8

Тікелей инвестициялау қатынастарына байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеу 9,0%-ға төмендеді және 0,6 млрд. долл. болды.


Қайталама кірістер балансының профициті 2018 жылғы 1-тоқсандағы 21,9 млн. доллармен салыстырғанда 103,9 млн. долл. болды. Қалыптасқан нәтиже резидент жеке тұлғалардың бейрезидент жеке тұлғалардың пайдасына ақша аударымдарының қысқаруына, сондай-ақ бейрезиденттерден мемлекеттік басқару органдарының пайдасына түсімдердің үлғауына себепші болды.

Еуразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде қайта бөлінген кедендейк баждардың Қазақстанға нетто-түсімдері 12,9%-ға төмендеді.

Жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары 7,0%-ға қысқарды және 209,2 млн. долл. болды. Ресей Федерациясына және Қытайға аударымдар төмендеді. Бұл ретте Қыргызстанға, Өзбекстанға және Түркияға аударымдар өсті. Шетелден жеке тұлғаларға аударымдар негізінен Корея Республикасынан, Ресей Федерациясынан және Өзбекстаннан түсімдердің өсуі есебінен 12,7%-ға өсті.

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда)

Қаржы шоты бойынша таза әкету (сыртқы активтердің таза өзгерісі мен сыртқы міндеттемелердің таза өзгерісі

2-диаграмма. Қаржы шотының құрылымы (млрд АҚШ доллары)

арасындағы айырма) 2019 жылғы 1-тоқсанда 3,7 млрд АҚШ долларын құрады (2018 жылғы 1-тоқсанда таза әкету 1,0 млрд АҚШ доллары). Резиденттер активтерінің үлғауы міндеттемелердің өсімінен айтартықтай асып кетті (1-кесте), бұл қаржылық операциялар бойынша капиталдың таза әкетілуін немесе «басқа елдерді таза кредиттеуді» қамтамасыз етті.

Резиденттер экономикасы секторы бойынша 2019 жылғы 1-тоқсанда елімізден капиталдың таза әкетілуі Мемлекеттік басқару органдарының, Банктердің және Басқа секторлардың операцияларымен қамтамасыз етілді, Орталық банк секторы бойынша міндеттемелердің үлғауы қаржы активтерінің үлғауынан асып түсті, осы арқылы капиталдың таза әкелінүі қамтамасыз етілді (2-кесте).

2- кесте

Экономика секторларына бөлінген қаржы шотының балансы

"+" - активтердің/міндеттемелердің үлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеу
млн АҚШ доллары

	1-тоқсан 2017	1-тоқсан 2018	1-тоқсан 2019
Қаржы шоты	-1599,5	1000,8	3699,7
Орталық Банк	-255,7	-839,9	-26,4
Қаржы активтерін таза сатып алу	91,6	77,8	137,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	347,3	917,7	164,0
Банктер	-557,9	535,5	1346,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	-1237,2	235,8	1082,0
о.и. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	6,0	-1,9	1,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-679,3	-299,7	-264,5
о.и. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	19,2	141,1	44,4
Мемлекеттік басқару органдары	431,1	1077,5	1520,1
Қаржы активтерін таза сатып алу	388,1	328,1	1274,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	-43,0	-749,4	-246,1
Басқа секторлар	-1217,1	227,6	859,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	1617,8	-576,5	1950,5
о.и. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	409,2	-2546,6	-809,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	2834,8	-804,1	1090,9
о.и. тікелей инвестициялау операциялары бойынша	2461,8	899,3	1988,5

Қаржы шотының құрылымында инвестициялардың түрлері бойынша капиталдың таза әкелінің тікелей инвестициялар бойынша, ресурстардың нетто-әкетілуі портфельдік, өзге орта және ұзақ мерзімді және басқа қысқа мерзімді инвестициялар бойынша тіркелген (2-диаграмма).

Прямые инвестиции

Тікелей инвестициялар бойынша (ШТИ) капиталдың таза әкетілуі (теріс сальдо) 2,7 млрд долларды (2018 жылғы 1-тоқсанда 3,5 млрд доллар) құрады және резиденттердің активтерінің қысқаруымен және міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді (3-кесте).

ШТИ операциялары бойынша қаржылық активтердің 0,7 млрд долларға таза төмендеуі шетелдік үлестес компаниялардың қазақстандық кәсіпорындар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеуіне байланысты болды.

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 2018 жылғы 1-тоқсаннан салыстырғанда 2,0 млрд долларды құрады. ШТИ бойынша резиденттердің міндеттемелерінің үлғаюы бейрезиденттердің кірістерін (тікелей инвесторлардың үлесіне тиесілі бөлінбекен пайда) қайта инвестициялаумен қамтамасыз етілді.

3- кесте

Тікелей инвестициялар балансы

"+" - активтердің/міндеттемелердің үлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)
млн АҚШ доллары

	1-тоқсан 2017	1-тоқсан 2018	1-тоқсан 2019
Тікелей инвестициялар (нетто)	-2022,3	-3546,3	-2719,9
активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша			
қаржы активтерін таза сатып алу	458,7	-2505,9	-687,0
міндеттемелерді таза қабылдау	2481,0	1040,4	2032,9
«салым бағыты» қағидаты бойынша			
шетелге тікелей инвестициялар (таза әкету)	649,0	-607,3	-291,9
Қазақстанға тікелей инвестициялар (таза әкелу)	2 671,3	2 939,0	2 428,0
Анықтама үшін:			
Қазақстанға шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкеліні	5 536,0	6 749,0	5 964,1
Қазақстанның тікелей инвесторларынан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы әкетілуі	925,0	360,3	268,7

Сонымен қоса, қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеуі ШТИ операциялары бойынша резиденттердің міндеттемелері өсуін ішінара өтеді.

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі 2018 жылғы 1-тоқсанға қарағанда 11,6%-ға төмендеді және 6,0 млрд долларды құрады. ШТИ жалпы әкелінің жартысына жуығын (55,4%) өңделмеген мұнай және табиғи газды өндіруге салым құрайды, олар 3,3 млрд долларға дейін 3,0%-ға үлғайды. *Металлургия өнеркәсібіне* шетелдік тікелей инвестициялардың салымдары (ШТИ-дің жалпы әкелінінен 15,5%) 12,8%-ға 0,9 млрд долларға дейін төмендеді, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік құралдарын жөндеуге (ШТИ-дің жалпы әкелінінен 9,8%) 34,4%-ға 0,6 млрд долларға дейін төмендеді.

Елдер бойынша ШТИ-дің жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 30,2%) басым болып келеді, одан кейін АҚШ (24,3%), Швейцария (10,9%), Қытай (6,1%), Франция (4,3%), Ресей Федерациясы (3,9%), Бельгия (3,7%), Ұлыбритания (2,4%) және Корея Республикасы және Жапония (1,7%-дан).

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша таза әкетілуі 2019 жылғы 1-тоқсанда резиденттер активтерінің өсуі есебінен 3,3 млрд долларды (4-кесте) құрады.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтері Ұлттық Қордың, банктердің және банктік емес сектор кәсіпорындарының портфеліндегі шетелдік бағалы қағаздардың үлғауы есебінен 2,6 млрд долларға өсті.

4- кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфель инвестициялары бойынша операциялар

млн АҚШ доллары

	1-тоқсан 2017	1-тоқсан 2018	1-тоқсан 2019
Қаржы активтерін таза сатып алу	1378,3	124,8	2631,4
Орталық Банк	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	0,0	0,0	0,0
Банктер	-43,4	-37,9	110,7
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-0,3	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-43,0	-37,9	110,7
Мемлекеттік басқару органдары	967,3	-380,1	875,0
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-219,9	11,5	-69,7
Борыштық бағалы қағаздар	1187,2	-391,6	944,7
Басқа секторлар	454,4	542,8	1645,8
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	195,5	-275,7	43,7
Борыштық бағалы қағаздар	258,9	818,5	1602,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	149,0	-1517,8	-651,5
Орталық Банк	375,5	925,4	165,3
Борыштық бағалы қағаздар	375,5	925,4	165,3
Банктер	-379,9	-100,6	-191,9
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-8,5	5,4	4,6
Борыштық бағалы қағаздар	-371,4	-105,9	-196,5
Мемлекеттік басқару органдары	29,3	-652,0	95,5
Борыштық бағалы қағаздар	29,3	-652,0	95,5
Басқа секторлар	124,2	-1690,7	-720,5
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-4,5	-1713,7	24,9
Борыштық бағалы қағаздар	128,6	23,1	-745,4
Портфель инвестицияларының балансы	1229,3	1642,6	3282,9

Портфельдік инвестициялар бойынша міндепттемелердің азауы 0,7 млрд АҚШ долларды құрады. Қазақстанның кәсіпорындары мен банктерінің олар бүрын шығарған еврооблигацияларды өтеуі нәтижесінде қалыптасты. Сонымен қатар бейрезиденттердің қайталама нарықта Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуды резиденттердің портфельдік инвестициялар бойынша міндепттемелерінің қысқаруын ішінara өтеді.

Түнды қаржы құралдарымен операциялар бойынша теріс сальдо 38,6 млн долларды (оң сальдо 2018 жылғы 1-тоқсанда 0,5 млн долларды) құрады. Қазақстан банктері мен қаржылық емес

ұйымдары түнды құралдармен операциялар жасады.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша оң сальдо активтердің 2,5 млрд долларға өсіу және міндепттемелердің 0,7 млрд долларға төмендеуі нәтижесінде 3,2 млрд долларда қалыптасты.

Орта-ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндепттемелер бүрын бейрезиденттерден алынған кредиттер мен қарыздарды Банктердің және Мемлекеттік басқару органдарының өтеуі есебінен 0,8 млрд долларға (5-кесте) қысқарды.

5- кесте

Резиденттердің "Басқа инвестициялар" бабында көрсетілген міндепттемелерді таза қабылдауы

("+" - міндепттемелердің өсүі, "-" - міндепттемелердің төмендеуі)

	1-тоқсан 2017	1-тоқсан 2018	1-тоқсан 2019
Капиталға қатысудың басқа құралдары	-0,2	0,4	0,0
Басқа секторлар	-0,2	0,4	0,0
Орта және үзақ мерзімді инвестициялар	-175,8	-382,7	-828,7
Орталық Банк	-27,2	-5,0	0,0
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-27,2	-5,0	0,0
Басқа да міндепттемелер	0,0	0,0	0,0
Банктер	-281,2	-420,3	-470,5
Қолма-қол валюта мен депозиттер	1,8	38,1	-61,3
Кредиттер мен қарыздар	-283,0	-458,4	-409,1
Мемлекеттік басқару органдары	-70,1	-94,7	-342,5
Кредиттер мен қарыздар	-68,9	-94,7	-342,5
Басқа да міндепттемелер	-1,1	0,0	0,0
Басқа секторлар	202,7	137,3	-15,8
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары	-2,0	15,6	18,3
Кредиттер мен қарыздар	229,9	116,0	-15,5
Сауда кредиттері мен аванстар	-29,4	7,1	-24,0
Басқа да міндепттемелер	4,3	-1,4	5,4
Қысқа мерзімді инвестициялар	131,1	-133,2	175,9
Орталық Банк	-1,0	-2,7	-1,3
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-0,6	-3,7	-1,6
Сауда кредиттері мен аванстар	-0,4	1,0	0,3
Басқа да міндепттемелер	0,0	0,0	0,0
Банктер	86,1	5,6	336,8
Қолма-қол валюта мен депозиттер	72,6	1,5	-25,2
Кредиттер мен қарыздар	15,2	-10,4	7,5
Басқа да міндепттемелер	-1,6	14,5	354,4
Мемлекеттік басқару органдары	-2,2	-2,7	0,9
Сауда кредиттері мен аванстар	-2,2	-2,7	0,9
Басқа секторлар	48,2	-133,4	-160,3
Кредиттер мен қарыздар	9,2	-73,1	27,7
Сауда кредиттері мен аванстар	48,8	-54,7	-113,7
Басқа да міндепттемелер	-9,8	-5,5	-74,4
Капиталға қатысудың басқа құралдары	-44,9	-515,5	-652,8

6- кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген**қаржы активтерін таза сатып алуы**

("+" - активтердің үлғаюы, " - " - активтердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	1-тоқсан 2017	1-тоқсан 2018	1-тоқсан 2019
Орталық Банк	48,2	35,1	17,1
Қолма-қол валюта және депозиттер	-8,1	9,8	48,5
Кредиттер мен қарыздар	56,3	25,3	-31,4
Банктер	-1190,0	217,7	991,0
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	0,1	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	-1218,2	248,6	786,2
Кредиттер мен қарыздар	-9,5	-47,3	-22,6
Басқа да талаптар	37,7	16,4	227,3
Мемлекеттік басқару органдары	-547,2	708,2	399,0
Капиталға қатысудың басқа құралдары	35,4	29,3	27,6
Қолма-қол валюта және депозиттер	-590,9	673,1	367,4
Кредиттер мен қарыздар	0,1	-1,5	-1,5
Сауда кредиттері мен аванстар	8,1	7,3	5,5
Басқа да талаптар	0,0	0,0	0,0
Басқа секторлар	753,7	1427,4	1115,5
Капиталға қатысудың басқа құралдары	-0,2	0,5	-0,1
Қолма-қол валюта және депозиттер	-253,1	219,3	-139,9
Кредиттер мен қарыздар	49,2	37,3	-14,9
Сауда кредиттері мен аванстар	302,5	435,8	533,3
Басқа да талаптар	655,3	734,4	737,2
Қаржылық активтердің таза сатып алу, барлығы	-935,4	2388,5	2522,5

Қысқамерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 0,2 млрд долларға үлғаюы Банктердің бейрезиденттер алдындағы басқа да міндеттемелердің өсуіне байланысты.

Басқа инвестициялар бойынша қаржы активтері Ұлттық қордың және банктердің шетелдік шоттардағы қысқа мерзімді активтерінің өсуі, сондай-ақ банктік емес үйымдардың дебиторлық берешегінің және халықтың қолындағы қолма-қол шетел валютасының (ҚШВ) үлғаюы есебінен (төлем балансында сыныпталмаған жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операцияларына қатысты жүргізілген Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) 2,5 млрд долларға үлғайды (6-кесте).

Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі қаржылық шотта тіркелген жеке сектордың (банктердің және басқа секторлардың) операцияларын, сондай-ақ төлем балансында баптары бойынша сыныпталмаған операцияларды (қателер мен олқылықтар) қамтиды. 2019 жылғы 1-тоқсаның қорытындысы бойынша жеке сектордың капиталды таза әкелуі 2018 жылғы 1-тоқсандағы 167 млн доллар таза


әкелумен салыстырғанда 3,4 млрд доллар болды (3-диаграмма).

Банктердің операциялары бойынша 1,3 млрд доллар капиталды таза әкету олардың активтері көбінесе шетелдік шоттарда өсуімен, сондай-ақ олардың міндеттемелері кредит пен қарыздар бойынша олар бұрын шығарылған еврооблигациялар мен міндеттемелерін өтеуі нәтижесінде азаюымен байланысты. Басқа секторлар бойынша 2,0 млрд доллар капиталды таза әкету банктік емес сектор кәсіпорындарының портфелінде шетелдік бағалы қағаздар үлғаюымен, банктік емес сектор кәсіпорындарының дебиторлық берешегі өсуімен, сондай-ақ Ұлттық Банктің бағалауы бойынша халықтың қолындағы қолма-қол шетел валютасының (ҚШВ) өсуімен де қамтамасыз етілді.

Резервтік активтер

Төлем балансының операциялары бойынша *резервтік активтер* 4,5 млрд долларға төменидеді. Резервтік активтердің қысқаруы негізінен резиденттердің қаражатты Ұлттық Банктегі валюталық шоттардан алып алымен байланысты. Осылайша, 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық Қордың активтерін есепке алмағанда) 27,0 млрд АҚШ доллары деп бағаланды, ол тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортын 7,2 айға қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

З-диаграмма. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі (+)/әкетуі(-)



Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық үсіншім

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019
			I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1 529,8	361,4
Сауда балансы	16 727,8	26 358,9	6 192,3	6 379,1	6 528,2	7 259,3	6 721,2
Экспорт	47 301,0	59 630,1	13 584,0	14 658,5	15 363,1	16 024,5	13 887,8
Импорт	30 573,2	33 271,2	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 765,2	7 166,6
Қызмет балансы	-3 577,8	-4 595,7	-924,4	-1 023,1	-1 288,6	-1 359,6	-924,0
Экспорт	6 504,9	7 274,9	1 583,1	1 887,5	2 005,5	1 798,7	1 641,3
Импорт	10 082,6	11 870,7	2 507,5	2 910,6	3 294,1	3 158,4	2 565,3
Бастапқы кірістер балансы	-18 148,5	-22 087,2	-6 182,7	-5 843,2	-5 611,7	-4 449,7	-5 539,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 501,3	-1 582,0	-355,4	-395,7	-429,0	-401,9	-368,4
Инвестициялық кірістер	-16 782,3	-20 640,2	-5 861,1	-5 481,2	-5 216,4	-4 081,5	-5 205,1
Алынатын кірістер	2 309,4	2 472,4	584,4	632,8	647,6	607,6	495,6
Тікелей инвестициялардан кірістер	795,5	649,7	156,2	157,0	184,6	151,9	59,5
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 031,4	1 211,3	287,1	326,2	294,7	303,3	309,7
Басқа инвестициялардан кірістер	482,5	611,4	141,2	149,6	168,2	152,4	126,5
o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері							
бойына сыйақы	1 161,2	1 311,8	313,4	355,0	323,5	319,9	309,9
Төленетін кірістер	19 091,7	23 112,7	6 445,5	6 114,1	5 864,0	4 689,1	5 700,7
Тікелей инвестициялардан кірістер	16 532,0	20 451,5	5 764,1	5 389,8	5 185,5	4 112,1	5 080,5
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 198,5	1 186,0	302,4	376,0	279,5	228,1	253,1
Басқа инвестициялардан кірістер	1 361,2	1 475,2	379,1	348,3	398,9	349,0	367,1
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер балансы	-103,4	272,3	21,9	18,6	152,1	79,8	103,9
Капиталмен операциялар шотының балансы	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	37,4
Қаржылың шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-5 478,4	2 558,6	1 000,8	394,2	398,6	765,0	3 699,7
Тікелей инвестициялар	-3 756,1	-4 919,2	-3 546,3	-729,0	-825,0	181,1	-2 719,9
Қаржылық активтерді таза алу	956,5	-4 711,1	-2 505,9	-860,4	-274,0	-1 071,0	-687,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 712,6	208,1	1 040,4	-131,4	551,0	-1 252,0	2 032,9
Портфельдік инвестициялар	-5 398,3	2 630,4	1 642,6	374,4	1 029,2	-415,9	3 282,9
Қаржылық активтерді таза алу	-3 246,9	-996,7	124,8	-738,4	-1 303,0	919,9	2 631,4
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-5 803,8	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	875,0
Банктер	872,2	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	110,7
Басқа секторлар	1 684,7	-50,4	542,8	-592,6	910,3	-910,9	1 645,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 151,4	-3 627,0	-1 517,8	-1 112,8	-2 332,2	1 335,8	-651,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-83,2	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	260,8
Банктер	-836,6	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-191,9
Басқа секторлар	3 071,2	-3 389,0	-1 690,7	-199,9	-1 881,3	382,8	-720,5
Тұынды қаржы құралдары (нетто)	115,5	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-38,6
Басқа инвестициялар	3 560,6	4 738,1	2 903,9	677,2	157,0	999,9	3 175,3
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	37,0	34,9	29,5	0,6	2,1	2,6	27,4
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-466,0	2 487,2	328,4	-15,9	905,9	1 268,8	625,5
Қаржылық активтерді таза алу	-419,4	-4,6	-54,3	-136,4	334,1	-148,0	-203,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-33,6	-14,0	0,8	-1,9	-4,8	-8,1	0,2
Банктер	-44,9	-44,2	-46,3	15,7	-5,0	-8,6	-1,5
Басқа секторлар	-340,8	53,6	-8,7	-150,2	343,8	-131,3	-202,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	46,6	-2 491,9	-382,7	-120,5	-571,9	-1 416,8	-828,7
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-177,1	-284,7	-99,7	-69,7	-78,0	-37,3	-342,5
Банктер	-235,2	-645,7	-420,3	33,9	-360,7	101,5	-470,5
Басқа секторлар	458,9	-1 561,5	137,3	-84,7	-133,2	-1 480,9	-15,8
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	3 989,6	2 216,0	2 546,0	692,6	-751,1	-271,5	2 522,4
Қаржылық активтерді таза алу	4 921,7	3 483,2	2 412,8	1 222,9	-63,8	-88,8	2 698,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	932,1	1 267,2	-133,2	530,3	687,3	182,7	175,9
Қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	880,7	930,2	655,7	698,4	-1 403,6	-1 166,0
Жалпы баланс	1 365,5	1 526,2	893,6	89,5	-109,7	652,8	4 466,9
Қаржыландыры	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-4 466,9
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-4 466,9
ХВК-тің кредиттері	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Айрықша қаржыландыры	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019
			I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1 529,8	361,4
Сауда балансы	16 727,8	26 358,9	6 192,3	6 379,1	6 528,2	7 259,3	6 721,2
Экспорт	47 301,0	59 630,1	13 584,0	14 658,5	15 363,1	16 024,5	13 887,8
Импорт	30 573,2	33 271,2	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 765,2	7 166,6
Қызмет балансы	-3 577,8	-4 595,7	-924,4	-1 023,1	-1 288,6	-1 359,6	-924,0
Экспорт	6 504,9	7 274,9	1 583,1	1 887,5	2 005,5	1 798,7	1 641,3
Импорт	10 082,6	11 870,7	2 507,5	2 910,6	3 294,1	3 158,4	2 565,3
Бастапқы кірістер балансы	-18 148,5	-22 087,2	-6 182,7	-5 843,2	-5 611,7	-4 449,7	-5 539,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 501,3	-1 582,0	-355,4	-395,7	-429,0	-401,9	-368,4
Инвестициялық кірістер	-16 782,3	-20 640,2	-5 861,1	-5 481,2	-5 216,4	-4 081,5	-5 205,1
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	755,0	868,7	182,8	252,0	202,2	231,8	185,5
Алынатын кірістер	1 184,7	1 313,8	313,5	355,0	323,7	321,5	311,1
Төленетін кірістер	429,6	445,1	130,8	103,1	121,6	89,7	125,6
Банктер	-547,6	-580,2	-193,4	-173,1	-105,0	-108,8	-105,2
Алынатын кірістер	122,7	166,3	24,5	37,0	58,5	46,2	25,5
Төленетін кірістер	670,3	746,6	217,9	210,1	163,5	155,0	130,7
Басқа секторлар	-16 989,8	-20 928,7	-5 850,5	-5 560,1	-5 313,5	-4 204,5	-5 285,4
Алынатын кірістер	1 002,0	992,3	246,3	240,8	265,4	239,9	158,9
Төленетін кірістер	17 991,8	21 921,0	6 096,9	5 800,9	5 578,9	4 444,4	5 444,4
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	33,8
Қайтала ма кірістер балансы	-103,4	272,3	21,9	18,6	152,1	79,8	103,9
Капиталмен операциялар шотының балансы	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	37,4
Қаржылық шот	-6 843,9	1 032,4	107,1	304,7	508,4	112,1	-949,1
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-7 126,8	833,5	-656,0	1 257,2	-1 211,9	1 444,2	-2 973,2
Қаржылық активтерді таза алу	-7 389,5	477,9	-487,7	289,8	-1 750,2	2 426,0	-3 055,3
Тікелей инвестициялар	112,3	203,1	42,7	17,7	91,4	51,4	120,6
Портфельдік инвестициялар	-5 803,8	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	875,0
Туынды қаржы құралдары	-12,8	30,1	0,0	30,1	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-319,6	2 625,3	743,3	352,0	253,7	1 276,2	416,0
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-4 466,9
Міндеттемелерді таза қабылдау	-262,6	-355,5	168,3	-967,4	-538,3	981,8	-82,1
Портфельдік инвестициялар	-83,2	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	260,8
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-179,4	-282,1	-105,1	-66,1	-73,7	-37,2	-343,0
Банктер	1 017,7	-457,6	535,5	-905,6	660,5	-748,0	1 346,5
Қаржылық активтерді таза алу	49,9	-487,3	235,8	-634,4	466,5	-555,2	1 082,0
Тікелей инвестициялар	37,9	42,9	-1,9	1,2	7,7	35,9	1,4
Портфельдік инвестициялар	872,2	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	110,7
Туынды қаржы құралдары	-20,6	66,5	57,9	-33,7	16,8	25,5	-21,0
Басқа инвестициялар	-839,6	-504,8	217,7	-476,5	450,2	-696,2	991,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	-967,8	-29,7	-299,7	271,1	-194,0	192,9	-264,5
Тікелей инвестициялар	109,3	394,8	141,1	149,3	44,7	59,7	44,4
Портфельдік инвестициялар	-836,6	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-191,9
Туынды қаржы құралдары	-137,4	23,1	74,4	-68,9	-9,5	27,1	16,8
Басқа инвестициялар	-103,1	-283,0	-414,7	202,4	-242,8	172,1	-133,7
Басқа секторлар	-734,8	656,5	227,6	-46,9	1 059,8	-584,0	677,6
Қаржылық активтерді таза алу	8 193,1	-3 612,8	-576,5	-260,0	105,3	-2 881,6	1 945,3
Тікелей инвестициялар	806,3	-4 957,2	-2 546,6	-879,3	-373,1	-1 158,3	-814,1
Портфельдік инвестициялар	1 684,7	-50,4	542,8	-592,6	910,3	-910,9	1 645,8
Туынды қаржы құралдары	1,8	-0,3	-0,1	0,5	0,1	-0,9	-1,8
Басқа инвестициялар	5 700,3	1 395,2	1 427,4	1 211,4	-432,0	-811,5	1 115,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	8 927,8	-4 269,3	-804,1	-213,1	-954,5	-2 297,6	1 267,7
Тікелей инвестициялар	4 603,4	-186,8	899,3	-280,7	506,4	-1 311,7	2 165,4
Портфельдік инвестициялар	3 071,2	-3 389,0	-1 690,7	-199,9	-1 881,3	382,8	-720,5
Туынды қаржы құралдары	-9,8	-36,3	-17,1	-5,8	-11,0	-2,3	-1,0
Басқа инвестициялар	1 263,1	-657,3	4,3	273,3	431,5	-1 366,4	-176,1
Қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	880,7	930,2	655,7	698,4	-1 403,6	-1 347,9

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным, негізгі баптар

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019
			I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1 529,8	361,4
Тауарлар	16 727,8	26 358,9	6 192,3	6 379,1	6 528,2	7 259,3	6 721,2
Кредит (Экспорт)	47 301,0	59 630,1	13 584,0	14 658,5	15 363,1	16 024,5	13 887,8
Дебет (Импорт)	30 573,2	33 271,2	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 765,2	7 166,6
Қызметтер	-3 577,8	-4 595,7	-924,4	-1 023,1	-1 288,6	-1 359,6	-924,0
Кредит (Экспорт)	6 504,9	7 274,9	1 583,1	1 887,5	2 005,5	1 798,7	1 641,3
Дебет (Импорт)	10 082,6	11 870,7	2 507,5	2 910,6	3 294,1	3 158,4	2 565,3
Бастапқы кірістер	-18 148,5	-22 087,2	-6 182,7	-5 843,2	-5 611,7	-4 449,7	-5 539,7
Кредит (алуға)	2 448,3	2 611,4	619,1	667,6	682,3	642,3	530,3
Дебет (төлеуге)	20 596,9	24 698,6	6 801,9	6 510,7	6 294,0	5 092,0	6 070,0
Қайтала ма кірістер	-103,4	272,3	21,9	18,6	152,1	79,8	103,9
Кредит (алуға)	2 088,6	2 319,6	458,3	607,8	649,2	604,3	512,6
Дебет (төлеуге)	2 191,9	2 047,3	436,4	589,2	497,1	524,5	408,7
Капиталмен операциялар шоты	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	37,4
Кредит (алуға)	351,3	279,8	70,3	128,7	31,0	49,8	38,1
Дебет (төлеуге)	4,4	76,4	0,4	11,0	1,1	63,8	0,8
Қаржылық шот	-6 843,9	1 032,4	107,1	304,7	508,4	112,1	-767,2
Тікелей инвестициялар	-3 756,1	-4 919,2	-3 546,3	-729,0	-825,0	181,1	-2 719,9
Қаржылық активтерді таза алу	956,5	-4 711,1	-2 505,9	-860,4	-274,0	-1 071,0	-687,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 712,6	208,1	1 040,4	-131,4	551,0	-1 252,0	2 032,9
Портфельдік инвестициялар	-5 398,3	2 630,4	1 642,6	374,4	1 029,2	-415,9	3 282,9
Қаржылық активтерді таза алу	-3 246,9	-996,7	124,8	-738,4	-1 303,0	919,9	2 631,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 151,4	-3 627,0	-1 517,8	-1 112,8	-2 332,2	1 335,8	-651,5
Тұынды қаржы құралдары (резервтерден басқа) және қызметкерлер үшін акциядағы опцияндар	115,5	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-38,6
Қаржылық активтерді таза алу	-31,7	96,2	57,9	-3,1	16,9	24,6	-22,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	-147,2	-13,2	57,4	-74,7	-20,6	24,8	15,7
Басқа инвестициялар	3 560,6	4 738,1	2 903,9	677,2	157,0	999,9	3 175,3
Қаржылық активтерді таза алу	4 541,1	3 515,7	2 388,5	1 086,8	271,9	-231,5	2 522,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	980,6	-1 222,4	-515,5	409,6	114,9	-1 231,4	-652,8
Резервтік активтер	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-4 466,9
Таза қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	880,7	930,2	655,7	698,4	-1 403,6	-1 166,0

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық үсінім

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019
			I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-51,7	-893,0	-468,6	-219,9	1 529,8	361,4
Тауарлар	16 727,8	26 358,9	6 192,3	6 379,1	6 528,2	7 259,3	6 721,2
Кредит (Экспорт)	47 301,0	59 630,1	13 584,0	14 658,5	15 363,1	16 024,5	13 887,8
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	47 259,5	59 603,8	13 581,5	14 658,4	15 356,3	16 007,6	13 867,4
ресми статистика	48 503,3	60 956,2	13 905,5	15 038,1	15 649,5	16 363,2	13 313,6
түзетулер	-1 243,7	-1 352,4	-324,0	-379,7	-293,1	-355,6	553,8
Шетелдегі тауарларды қайта сату шенберіндегі тауарлардың таза экспорты	41,5	21,1	1,5	-1,1	5,6	15,1	19,4
Монетарлық емес алтын	0,0	5,2	1,0	1,2	1,2	1,8	1,0
Дебет (Импорт)	30 573,2	33 271,2	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 765,2	7 166,6
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	30 544,0	33 262,5	7 391,7	8 279,4	8 834,9	8 756,5	7 141,2
ресми статистика	29 599,6	32 533,5	7 240,6	8 108,8	8 523,5	8 660,7	6 982,6
түзетулер	944,3	729,0	151,1	170,7	311,4	95,8	158,6
Монетарлық емес алтын	29,2	8,7	0,0	0,0	0,0	8,7	25,3
Қызметтер	-3 577,8	-4 595,7	-924,4	-1 023,1	-1 288,6	-1 359,6	-924,0
Кредит (Экспорт)	6 504,9	7 274,9	1 583,1	1 887,5	2 005,5	1 798,7	1 641,3
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өндеду бойынша қызметтер	8,7	15,7	1,0	6,1	1,8	6,8	2,5
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	61,4	72,7	11,9	20,8	16,4	23,7	17,2
Көлік қызметтері	3 458,4	3 980,7	903,4	1 018,5	1 047,3	1 011,6	969,0
Жолаушы тасымалдау	220,5	396,1	60,0	122,8	120,3	93,0	98,3
Жұк тасу	2 932,2	3 208,3	759,7	797,8	831,0	819,8	744,1
Өзгелері	295,8	367,2	82,1	94,3	93,8	97,0	121,5
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	9,8	9,1	1,6	3,6	2,2	1,7	5,1
Жол жүрү	2 135,4	2 254,6	451,0	609,0	701,9	492,7	424,3
Құрылыш	7,5	22,5	0,4	7,4	7,3	7,4	11,6
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	84,2	77,9	19,2	22,3	25,1	11,3	20,5
Қаржылық қызметтер	19,7	15,2	4,0	4,5	3,8	2,9	1,8
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік мешікті пайдалану үшін төленетін ақы	0,7	0,9	0,1	0,0	0,8	0,0	0,2
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	116,1	122,5	26,6	32,8	28,6	34,5	25,3
Басқа да іскерлік қызметтер	368,7	461,9	113,3	108,2	114,2	126,2	112,7
Фылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	5,7	5,5	0,6	0,8	2,6	1,4	1,5
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	109,5	118,0	27,7	29,0	25,5	35,8	24,5
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	253,5	338,4	84,9	78,4	86,1	89,0	86,7
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	0,4	0,9	0,2	0,1	0,2	0,4	1,0
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	243,6	249,4	52,0	57,8	58,3	81,3	55,2
Дебет (Импорт)	10 082,6	11 870,7	2 507,5	2 910,6	3 294,1	3 158,4	2 565,3
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өндеду бойынша қызметтер	160,6	188,0	54,7	52,4	38,9	41,9	53,9
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	342,1	471,3	88,6	117,5	129,6	135,5	79,5
Көлік қызметтері	1 735,4	2 020,5	447,3	508,4	533,3	531,6	448,3
Жолаушы тасымалдау	134,8	156,5	31,7	40,9	44,9	39,1	35,2
Жұк тасу	1 336,8	1 480,0	328,8	362,5	387,2	401,5	315,5
Өзгелері	253,2	373,6	83,9	102,5	98,9	88,2	95,2
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	10,5	10,4	2,9	2,4	2,3	2,7	2,4
Жол жүрү	2 559,8	2 686,9	574,2	684,6	854,1	574,0	571,9
Құрылыш	318,9	444,4	3,7	195,5	141,9	103,4	16,4
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	44,5	43,6	12,9	13,6	7,5	9,5	10,0
Қаржылық қызметтер	225,6	246,1	60,0	77,0	54,3	54,8	57,8
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік мешікті пайдалану үшін төленетін ақы	117,1	167,7	31,9	35,4	50,9	49,5	26,3
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	294,8	396,3	82,7	91,0	109,0	113,7	96,5
Басқа да іскерлік қызметтер	4 009,0	5 022,1	1 117,7	1 094,7	1 328,6	1 481,1	1 171,2
Фылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	10,1	12,0	1,7	2,3	2,7	5,3	1,4
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	841,3	1 513,5	342,7	338,0	413,4	419,4	319,0

	2017	2018	2018				2019
			I	II	III	IV	
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	3 157,6	3 496,6	773,2	754,4	912,5	1 056,4	850,8
Жеке тұғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	141,3	52,0	10,3	12,6	14,9	14,2	11,4
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	133,6	131,8	23,5	27,9	31,1	49,3	22,0
Бастапқы кірістер	-18 148,5	-22 087,2	-6 182,7	-5 843,2	-5 611,7	-4 449,7	-5 539,7
Кредит (алуға)	2 448,3	2 611,4	619,1	667,6	682,3	642,3	530,3
Қызметкерлерге енбекақы төлеу	3,9	3,9	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
Инвестициялық кірістер	2 309,4	2 472,4	584,4	632,8	647,6	607,6	495,6
Тікелей инвестициялар	795,5	649,7	156,2	157,0	184,6	151,9	59,5
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан кірістер	266,0	358,0	54,2	78,3	121,7	103,8	13,6
Дивидендтер және бөлінген пайда	172,4	310,2	34,0	55,8	104,3	116,1	6,5
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау қасіпорындарының капиталына қатысусы	172,4	306,6	34,0	55,8	102,9	113,8	6,5
Қазақстандық тікелей инвестициялау қасіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлардың капиталына қатысусы (көрін инвестициялау)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қазақстандық қасіпорындардың шетелдік тел қасіпорындарың капиталына қатысусы	0,0	3,6	0,0	0,0	1,4	2,3	0,0
Қайта инвестицияланған кірістер	93,6	47,8	20,2	22,5	17,4	-12,3	7,0
Сыйақы (пайыздар)	529,5	291,7	102,0	78,7	62,9	48,1	45,9
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау қасіпорындарына қойған талаптары	12,4	14,3	3,9	3,7	3,6	3,0	3,1
Қазақстандық тікелей инвестициялау қасіпорындарының шетелдік тікелей инвесторларға қойған талаптары (көрін инвестициялау)	450,3	211,2	74,9	56,9	43,2	36,2	37,9
Қазақстандық қасіпорындардың шетелдік тел қасіпорындарға қойған талаптары	66,7	66,2	23,2	18,1	16,1	8,8	4,9
Анықтама үшін: ЖӘҚДҚ төлеуге дейінгі сыйақы (пайыздар)	529,5	291,7	102,0	78,7	62,9	48,1	45,9
Портфельдік инвестициялар	1 031,4	1 211,3	287,1	326,2	294,7	303,3	309,7
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан инвестициялық кірістер	259,8	291,1	64,2	97,2	66,8	62,9	74,6
Сыйақы (пайыздар)	771,6	920,3	222,9	229,0	228,0	240,4	235,0
Басқа инвестициялар	219,0	297,3	68,8	70,1	84,9	73,4	60,6
Басқа құралдар бойынша капиталға қатысудан бөлінген пайда	4,4	6,4	0,6	0,0	5,7	0,0	0,0
Сыйақы (пайыздар)	214,6	290,9	68,2	70,1	79,2	73,4	60,6
Анықтама үшін: ЖӘҚДҚ төлеуге дейінгі сыйақы (пайыздар)	214,6	290,9	68,2	70,1	79,2	73,4	60,6
Стандарттық кепілдер және сақтандыру мен зейнетақы полистерін ұсташулыардың есебіне жатқызылатын инвестициялық кірістер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Резервтік активтер	263,5	314,1	72,3	79,5	83,3	79,0	65,9
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан кірістер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сыйақы (пайыздар)	263,5	314,1	72,3	79,5	83,3	79,0	65,9
Басқа бастапқы кірістер	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	33,8
Рента	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	33,8
Дебет (төлеуге)	20 596,9	24 698,6	6 801,9	6 510,7	6 294,0	5 092,0	6 070,0
Қызметкерлерге енбекақы төлеу	1 505,2	1 585,9	356,4	396,7	430,0	402,9	369,3
Инвестициялық кірістер	19 091,7	23 112,7	6 445,5	6 114,1	5 864,0	4 689,1	5 700,7
Тікелей инвестиациялар	16 532,0	20 451,5	5 764,1	5 389,8	5 185,5	4 112,1	5 080,5
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан кірістер	12 281,1	15 673,8	4 597,4	4 173,8	3 873,0	3 029,6	3 841,7
Дивидендтер және бөлінген пайда	8 525,0	8 760,7	1 493,1	2 396,1	3 080,7	1 790,8	1 674,0
Шетелдік тікелей инвестиациялау қасіпорындарының капиталына қатысусы	8 503,6	8 722,5	1 454,9	2 396,1	3 080,7	1 790,8	1 638,5
Шетелдік тікелей инвестиациялау қасіпорындарының капиталына қатысусы (көрін инвестиациялау)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Шетелдік қасіпорындардың қазақстандық тел қасіпорындарының капиталына қатысусы	21,4	38,2	38,2	0,0	0,0	0,0	35,5

	2017	2018	2018				2019
			I	II	III	IV	
Қайта инвестицияланған кірістер Сыйақы (пайыздар)	3 756,1	6 913,1	3 104,2	1 777,7	792,4	1 238,8	2 167,8
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік инвесторлардың алдындағы міндеттемелері	4 250,9	4 777,7	1 166,7	1 216,0	1 312,5	1 082,5	1 238,7
